

**Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесі базасын
материалдық-техникалық және әлеуметтік-құқықтық жағынан нығайту жөніндегі
шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 21 наурыз N 318

Нарықтық қатынастар жағдайында қылмыстық-атқару жүйесін экономикалық және әлеуметтік-құқықтық жағынан қамтамасыз ету, еңбекпен түзеу, кәсіпорындарының өнеркәсіп әлеуетін пайдалану және сотталғандарды еңбекпен қамту тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі 1995-1997 жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне еңбекпен түзеу мекемелерін, туберкулез ауруханаларын және онаша тергеу бөлмелерін жобалау, салу және қайта жаңарту үшін қажетті қаражат бөлуді көздерін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесін 1995-1996 жылдардағы қысқы кезең жұмысына дайындауды қамтамасыз ету үшін оны республика бюджетінде көзделген қаражат шегінде басым тәртіппен қаржыландырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі арнаулы құрамалары мен ішкі әскерлерінің қарулы күзет бөлімдері үшін алдын-ала төлем жасаусыз тамақ өнімдерін, заттай мүліктер, отын және дәрі-дәрмектер сатып алуға рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Әділет министрлігі екі ай мерзім ішінде "Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік қылмыстық-атқару жүйе туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісіп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қарауына енгізетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі мен Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, қылмыстық-атқару жүйесін материалдық-техникалық және әлеуметтік-құқықтық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекеттік бағдарлама жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына ұсынатын болсын.

6. Облыстардың әкімдеріне қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің

тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелері мен сотталғандардың еңбегін пайдалану жағдайын тоқсан сайын қарау міндеттелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК